

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

диссертациях, дипломных работах, различных проектах. Ученым в сфере предпринимательского права и истории в целом, следует издавать монографии, сборники исторических документов. Хочу отметить, что при поиске источников по истории предпринимательства, удалось найти только одну достойную широкого общественного внимания монографию, научный труд Мамытовой Сауле Насеновны, предпринявшую и в итоге реализовавшую попытку расширить представления о развитии предпринимательства во второй половине 19 – начале 20 века на основании использования материалов государственных архивов. Считаю, что на сегодняшний день изучение вопросов истории, которые остались в виде «белого пятна», открыты и требуют подробного анализа. Именно одним из таких вопросов прибывает развитие предпринимательства с точки зрения права.

Более того, низкая степень разработанности данной проблемы – пробел не только теоретиков, но и практиков. Так, посещая, к примеру, Национальный музей Республики Казахстан, по истории предпринимательства можно обнаружить только вещественные источники, определенных сборников нормативно-правовых актов средневековья или отдельных законоположений фактически нет. Поэтому, в перспективе есть предложение сотрудникам музея восполнить и расширить базу письменных источников, тем самым оправдывать и подтверждать свой статус «национального» учреждения.

Список использованных источников

1. Нурлигенова З. Н., Колосова М. Ю. «Жеті Жарғы» Тауке хана как памятник права Казахстана: его сущность и значение // Молодой ученый, 2013, №12, С. 750-752.
2. Вернадский Г.В. Монголы и Русь. - Тверь-Москва, 1997, С. 108-130
<http://www.vostlit.info/Texts/Dokumenty/Mongol/Jasa/text.phtml?id=4405>
3. Культелев Т. М., Масевич М. Г., Шакаев Г. Б. Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы, ТОО «Жалын баспасы», 1998, - 464 с.
4. Зиманов С. З. Проблемы обычного права. - Алма-Ата, Наука, 1989, - 140 с.
5. Новиков Н. И. Право в зеркале жизни. Исследования по юридической антропологии. – Москва, «Стратегия», 2006, С. 164-173
6. Тогайбаева А. К. Об особенностях правовой культуры казахского народа // X Международно-практическая конференция «Вопросы современной юриспруденции», Новосибирск, 2012 // <http://sibac.info/conf/law/x/26768>
7. Мамытова С. Н. История предпринимательства в Казахстане во второй половине 19 – начале 20 века. - Алматы, ТОО «Эверо», 2013, - 324 с.
8. Полное Собрание Законов. – Т.40. – СПб., 1905 – 615 с.
9. Свод действующих узаконений по части промышленности и торговли. Составил чиновник особых поручений Министерства финансов С. А. Просьбин. СПб., 1907 – 415 с. – Глава 1. Торговля, ее виды и законы о ней.
10. Устав торговый. Продолжение Свода законов Российской Империи. Ч.2. Ст. к 8-15 томам Свода. – СПб., 1883. – С. 25-29.
11. Устав народного продовольствия. Т. 13. – СПб., 1902 – 700 с.

УДК 343.11

СОТ ЖҮЙЕСІН ҰТЫМДЫ РЕФОРМАЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бахтыбайұлы Берікбай

berikbai_93@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: з.ғ.д., профессор Е.Қ. Қаржаубаев

Кез келген уақытта тиімді сот әділдігі үшін, алдымен, екі нәрсе қажет – жетік заңнама мен біліктілігі жоғары судья. Ақпараттық революция кезеңінде табыстың үшінші шарты жоғары технологияларды қолдану қажет табылады. Сонда да судьялар кадрларын таңдау және дайындау, бұрыңғыдай, басты негіз болып табылады.

Сот жүйесінің кадрлар саясаты мәселесі үнемі Мемлекет Басшысының бақылауында болады. Судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін 1994 жылы судьялардың ауыспаушылығы мен судьяларды Президентпен тағайындау қағидаларын бекіту, судьяларды босатудың нақты негіздемелері мен механизмдерін қалыптастыру, сот жүйенің кадрлық және ресурстық қамтамасыз ету сияқты шаралары қарастырылған. Аталған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету үшін құқықтық реформа бойынша Кеңес құрылды.

Мемлекет Басшысының айтуынша, судья – бұл мемлекет атынан адам тағдырын шешуге ерекше өкілеттіктері бар тұлға. Оның қате жіберуге ешқандай құқығы жоқ, өйткені оның қателерінің құны өте жоғары. Судья жоғары моральды принциптерге ие болу қажет және оның абыройы мінсіз болу керек. Кәсіби тұрғыдан қарағанда – бұл кез келген заңгер үшін жоғары карьералық нүкте болып саналады[1].

Осыған байланысты мемлекет тарапынан судьяларды таңдау, судьялар корпусындағы кез келген адамдардың болдырмау механизмдері жүйелі түрде жасалып, енгізілуде.

Сот корпусы қалыптастыру үшін жария және көпсатылы сипатты конкурстық таңдау енгізілді. Заң негізінде судьяның бос қызмет орнына үміткерлерді соттық қоғамдастық органдары арқылы таңдауды жүзеге асыру мүмкіндігі жасалды.

Сот корпусы қалыптастыру үшін 1995 жылдың Конституциясымен Президентпен басқарылған Жоғары Соттық Кеңестің құрылуы реттелді. Мемлекет басшысы үш жылдың ішінде судьялар таңдалған, оның ішінде жергілікті соттарға да, Кеңестің бір қатар мәжілістерін өзі өткізді. 1998 жылы Конституцияға деген өзгерістермен бірге Кеңес төрағасы арнайы лауазымы енгізілді. Заң түрінде ол Президент жанындағы Кеңес ретінде рәсімделді. Оның ұйымдастырушылық қамтамасыз етілуі үшін Президент Әкімшілігі жауап береді. Конкурс қорытындылары бойынша Кеңес судья лауазымына үміткерлерді, сонымен қатар оларды босату мәселелерін алқа тұрғысынан қарастырады және Президентке тиісті ұсыныстар беретін.

Басқарушылық судьялық лауазымдарына тағайындау үшін судьялардың қолданыстағы құрамынан ең тәжірибелі, кәсіби қызметкерлерді басқарушылық лауазымдарына таңдауға мүмкіндік беретін кадрлық резерв қалыптасқан.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында судья лауазымына біліктілікті емтиханды тапсыруға деген талаптарды күшейту мәселелері, оның ішінде үміткерлерді психологиялық тестілеуді қолдану мүмкіндігі қарастырылуда. Судьяларға үміткерлердің сотта үнемі машықтанудан өту мәселесі қарастырылуда[2].

2012 жылы құрамына аудандық, облыстық және Жоғары Соттың судьялары кіретін Соттық жюри құрылды. Оның басты міндеті соттық жүйені нығайтуға, оның имиджін арттыруға, біліктілігі жоғары соттық корпусы қалыптастыруға бағытталған профилактикалық жұмысы болып табылады.

Бұл салада бүгінгі таңда жетік жоспарланған жүйелі жұмыс жүргізілуде. Алдымен, судьялар кандидаттарына деген талаптар күшейтілген. Біліктілікті судьялық кадрлардың таңдауын жүзеге асыратын бірыңғай орган ретінде Жоғары Соттық Кеңестің рөлі күшейтілді. Кеңес мүшелерінің судьялар кандидаттарымен аймақтарға шығу арқылы кездесу практикасы енгізілді.

Осы бағытта өзекті мәселелердің бірі – судьялық кадрларды дайындау және таңдау жүйесін жаңғырту, еліміздің судьялар корпусының кәсіптілігін арттыру. Біліктілікті кадрларды дайындау, тәуелсіз соттық жүйенің қызмет көрсетуі, азаматтарға сот әділдігінің қолжетімділігі, судьялар қабылдайтын шешімдердің заңдылығы үшін маңызы зор.

Бүгінгі таңда оқыту үшін үміткерлерді мақсатты таңдаудың жекешелендіру жүйесі енгізілуде, магистратураға судья ретінде жұмыс жасауға дайын және дәлелденген тұлғаларға

квотаны енгізу мүмкіндігін қарастыру арқылы қабылдаудың механизмі жетілдірілуде. Егер қысқаша қорытындыласақ, судья болып тек қана біліктілігі жоғары емес, сонымен қатар қажетті жеке қасиеттері бар, моральдық және психофизиологиялық жүктемелерге дайын заңгерлер болу керек.

Сонымен, заң, азаматтықтан басқа жастық, білімдік, кәсіптік және моральдық шек қояды. Бұл жеткілікті теориялық білімдер мен әдеттегідей жылдар өте келетін практикалық тәжірибенің болуына, сонымен қатар адами мінсіздікті талап ететін соттық іс-әрекетінің ерекшелігіне байланысты. Судья тәртіпті және тәрбие көрген, мейірімді адам болу керек және барлық жағдайда өз өзің лайықты ұстау қажет. Сабырсыздық, ашушандық, тараптарды және үдерістің басқа қатысушыларын сабырлы тыңдай алмауы бейтараптылыққа және сот әділдігі шешімдердің қабылдауына кедергі келтіреді. «Соттық органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаларына» сәйкес судьялар лауазымына кандидаттардың жоғары моральды қасиеттері мен қабілеттері болу керек[3].

Ғылыми білім беру іс-әрекетінің құрамдауыш бөлігі болып құқықтық білім, құқықтық насихаттау, атап айтқанда құқықтық мәдениет мәселелері ттабылады. Осыған байланысты, азаматтардың құқықтық сананы, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер арасында заң сауаттылығын арттыру бойынша жұмысты әрі қарай жалғастыру қажет. Тұрғындар арасында Интернет ресурстарын қоса алғанда бұқаралық ақпарат құралдар арқылы құқықтық насихаттаудың көлемдерін кеңейту және сапасын арттыру қажет, заңнамалық және құқықты қолданудың өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулердің, азаматтардың күнделікті өмірінде ең қажет құқықтары салаларындағы белсенділігін арттыру.

Аталған тұжырымдаманың негізгі міндеттерін жүзеге асыру үшін судьялар корпусының заң білімін арттыру қажет. Қоғам мен мемлекетке жаңа формациядағы, жаңа ойлау қабілеті бар, патриоттық тұрғыдан қалыптасқан және адам мен азаматтың, құқықтары мен бостандықтарын қоғам мен мемлекеттік мүдделерін қорғауға бағытталған заң кадрлары қажет. Дәл осындай көзқарас заң білімі жүйесінің негізінде жату керек.

Қазіргі жағдайда түрлі профильдегі заң кадрларын дайындау мәселелерін шешу бойынша мемлекет мүмкіндіктерін топтастыру жолы бойынша жүру орынды. Мұндай көзқарас мемлекеттік ресірстарды шашуға жол бермейді және заң кадрларының дайындау сапасын арттады.

Қазіргі уақытта елімізде Қазақстан үшін орындалуы міндетті болып саналатын халықаралық құжаттарда бекітілген ережелер мен стандарттарға сәйкес соттық жүйе мен құқықты қолдану практикасын әрі қарай тәртіпке келтіруіне байланысты проблемалар кешенін шешуі белсенді түрде жүзеге асырылуда. Осы бағытта Қазақстан ратификациялаған азаматтық және саяси құқықтар (1966 жылғы), туралы Халықаралық Пактінің рөлі едәуір маңызды. Еліміздің Ата Заңына жақында енгізілген өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын соттық қорғауына оңтайлы әсер етті.

Тәуелсіздік жылдарында біздің мемлекет өзінің сенімді экономикасын, құқықтық қорғау жүйесін құрды. Азаматтардың тез өзгеріп жатқан экономикалық және әлеуметтік өмір жағдайлары кәсіптік деңгейдің арттыруын, жұмыс істеп жатқан судьялардың білімдерінің жетілдірілуі мен жаңартылуын талап ететін жаңа заңдарын қабылдауын қажет етті.

Қазақстан Республикасының Жоғары Сотымен кәсіптік білім және біліктілікті арттыру саласында судьяларды дайындаудың реттелген жүйесін қалыптастыру мақсатында тек қана судьялар практикасының қажеттіліктеріне жауап бермейтін, Судьялар білімінің стратегиясы жасалып қабылданды. Бұл құжат, материалдық және процессуалдық заңнаманың өмірде пайда болатын түсіну және қолдану мәселелерінің шешімін табудағы дағдыларын қалыптастыруға едәуір назар аударады. Осыған қатысты, оқу, білім алушылардың тарапынан, жеке білім беру бағдарламасының таңдауын қамтамасыз ету арқылы, ынталандырылады[4].

Жоғары кәсіби дағдыларды қалыптастырудың инновациялық формасы ретінде Қазақстан Республикасының Жоғары Соттың білім беру бағдарламалары болып табылады. Теория және сот тәжірибесінің проблемалық мәселелері бойынша өткізілетін конференциялар, дөңгелек үстелдер, тематикалық семинарлар сияқты білім беру бағдарламаларының басымдылығы, оқимын деген адамдардың саны жыл сайын өсетіндігінде және құқықтың әртүрлі салалары мен соттық практиканың өзекті мәселелерін қамту мүмкіндігінде көрініс табады.

Қылмыстық заң мен қылмыстық соттық іс-жүргізудің жаңа жобасына, әкімшілік құқық бұзушылық заңнамасына және қылмыстық жазаны орындау жүйесіне көшу барысында Бірыңғай мемлекеттік жоспарды жүзеге асыру аясында Жоғары Сотпен судьяларды жаппай қайта оқыту жүзеге асырылуда.

Білім беру іс-шараларының бір формасы ретінде бейнедәрісін өткізу арқылы судьяларды қашықтықтан оқыту болып табылады. Қашықтықтан оқыту технологиялары, тыңдаушылардың тұрып жатқан орындарына бармайақ, олардың максималды санын тартуға мүмкіндік береді. Бұл жағдай судьялардың уақытын үнемдеуге және оқытуға жұмсалатын материалдық шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді[5].

Осы мақсатпен Қазақстанда Қылмыстық, Қылмыстық-процессуалдық, Қылмыстық-атқару кодекстері мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің жаңа редакциясын зерделеуге арналған бейнедәрістер жүйелі түрде өткізіледі. Жергілікті соттардың судьяларына онлайн-режимінде сұрақтарына жауап алуға, сонымен қатар енгізіліп жатқан нормаларды дұрыс қолданудың ұсыныстарын алуға мүмкіндік береді. Бұл мәселе судьялардың құқықтық мәртебесін әрі қарай жетілдіруге және олардың іс әрекетіндегі конституциялық құқықтық бастамасын күшейтуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының соттық жүйесі саласындағы гуманистік әлеуетті әрі қарай жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Осылай, судья лауазымына алғашқы рет тағайындалғандардың біліктілігін арттыру және олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының Судьялар Одағы жоғарыда көрсетілген бағдарламалардан басқа, қосымша менторлық бағдарламасының басшылығын жүзеге асырады. Аталған бағдарлама, дәстүрлерді дамыту, тәжірибе мен жас мамандардың консультативтік қолдауын жүзеге асыру мақсатында судья ретінде жұмыс жасау тәжірибесі аздарға, судья – ментор және судья арасындағы серіктестік қатынастарын құру негізінде жас судьялардың кәсіптік тұрғыдан қолдауына бағытталған.

Соттық жүйенің кадрларын даярлау және қайта даярлау бойынша кәсіптік білім берудің, судьялардың білім беру және кәсіби деңгейін қалыптастырудың басқа маңызды құралы ретінде Қазақстан Республикасының Жоғары Соттың білім беру бағдарламасы – судьялар машықтануы болып табылады. Машықтанудан өту аудандық, облыстық және жоғары тұрған соттарға теңдестірілген соттарда судьялардың Машықтанудан өту ережелерімен реттеледі[6].

Судьялық білім беру стратегиясында қазіргі жағдайда соттық кәсіптік білім беру, білім беру саласындағы мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды құрамдауыш бөлігі болып есептеледі.

Бұл құжатта, атап айтқанда, аудандық, облыстық және жоғары тұрған соттарға теңдестірілген соттарда судьялардың Машықтанудан өту ережелерін және машықтанудан өту бойынша ұсыныстарын орындау арқылы стажировкадан өту қажет екендігі; стажировканы үш жылда кемінде бір рет, ұзақтығы екі аптадан кем емес, жұмыс өтіліне, жұмыс тәжірибесіне, сот әділдігін атқару сапасының көрсеткіштеріне, судьяның іс- әрекетіне арыздануына және басқа мәліметтерге байланысты өткізу керектігі; облыстық соттардың және оларға теңдестірілген соттардың оқу орталықтары машықтанудың нәтижелілігінің үнемі мониторингін машықтануға дейін және одан кейінгі кезеңдегі судьяның жұмыс жасау сапасының салыстырмалы талдауы, жыл қорытындылары бойынша өткізілетін жиналыстарда нәтижелерді талқылау арқылы өткізілетіні айтылады.

Білім берудің басқа түрлерімен салыстырғанда, машықтанудың басымдылығы, машықтану соттағы нақты соттық істерде және кез келген соттық жағдайларда шешім қабылдау практикасын тікелей бақылау арқылы жүзеге асырылатындығында көрініс табады. Білім берудің осындай формасының, басқа соттардың практикасын қолданумен қатар осыдан нақты соттық істерді шешу барысында заңнаманы қолдану бойынша дұрыс қорытынды жасау арқылы құқықтық қолдану тәжірибесін талдау мүмкіндігі бар.

Талдау көрсеткендей, бүгінгі күнге дейін ең айқын міндеттерді, ең алдымен сот органдарын техникалық құралдармен, байланыс арналарымен қамтамасыз ету, жергілікті есептеу желілерін құру, құжат айналымы мен сот ісін жүргізудің ведомстволық ақпараттық жүйесі – Қазақстан Республикасы сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесін (бұдан әрі - БААТЖ) құру міндеттерін шеше алдық. Сот органдарының біртұтас ақпараттық кеңістігі қалыптасты. Түрлі мемлекеттік деректер қорымен сауалдар режимінде сот органдарының ақпараттық жүйесін кіріктіру шаралары орындалды.

БААТЖ функционалдық жағынан бірнеше топтарға бөлінетін кіші жүйелерге бөлінген:

- коммуникациялардың базалық құралдары;
- сот ісін жүргізуді автоматтандыру құралдары;
- электрондық құжат айналымы жүйесі;
- ақпараттық-анықтамалық жүйелер, ұжымдық қол жеткізудің деректер

қоры;

Жоғарғы Соттың, облыстық және оған теңестірілген соттардың интернет-ресурстары (веб-сайттары).

Дегенмен, соттар жасаған Интернет-ресурстар, әдетте, жеке сот органының шеңберінде жұмыс жасайды. Ал бұл жұмыстардың қайталануына, шамадан артық бастапқы ақпараттың жиналуына, жүйені әзірлеу мен пайдалануға әкеп соқтырады. Жергілікті соттарда ақпараттық қызметтердің, ресурстар мен бағдарламалық өнімдердің, ақпараттық әлеуеттің дұрыс бөлінбеуі орын алған. Ұйымдарды, шаруашылық етуші субъектілерді және жекелеген азаматтарды ақпараттық қамтамасыз ету жақсартуды талап етеді.

Республика соттарының төрелігін жүзеге асыру қызметі туралы, қаралған істер бойынша қабылданған сот актілері туралы, соттарға келіп түсетін шағымдар мен арыздарды шешу нәтижелері және мерзімдері туралы және көптеген басқа да мәселелер бойынша ақпаратты сапалы әрі тез алуға деген қажеттілік Жоғарғы Соттың сот істері жөніндегі анықтамалық әзірлеп енгізуіне себеп болды. Соттардың қызметінде айқындылыққа қол жеткізуде ақпараттық-анықтамалық киоскілердің құрылуы маңызды бағыт болды.

Соттарда сот істерін қосқанда, кіріс хат-хабарларды автоматтандырылған есепке алу осы соттың судьялары арасында оларды автоматты түрде бөлуді енгізуге мүмкіндік берді. Жүйе істерді бөлу кезінде судьялардың жалпы жүктемесі, іс бойынша сот ісін жүргізу тілі, судьялардың мамандануы, судьялардың қорытуларды орындау, шолуларды жасауы, судьяның демалыста, іссапарда болуы, істердің күрделілігі сияқты бірқатар параметрлерді ескереді. Судьялар арасында істерді бөлудің технологиялық процесінің сақталуын тексеруге де болады.

БААТЖ жүйесіндегі компоненттердің көмегімен сот органдарында:

- сот төрелігін жүзеге асыру бойынша соттардың жұмысын толық есепке алу;
- сот жүйесінің әр түрлі деңгейінде арыздарды, істерді, шағымдарды қарау, сот актілерін жасау мен тапсыру мерзімдері және басқа да мәселелер бойынша сот кеңселері мен соттардың жұмысын бақылау;
- бірінші сатыдағы судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру сапасын есепке алу;
- Республиканың бүкіл сот жүйесінде электрондық құжат айналымының толық циклін ұйымдастыру (құжатты дайындау, қолбелгі қою, жетілдіру, құжатқа қол қою, сот жүйесіндегі басқа органға жөнелту);

- Республика соттары шығарған сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Интернет-ресурсы арқылы деректер қорына қолжетімділікті ұйымдастыру;
- мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасауда қағазсыз технологияға көшу сияқты міндеттер шешілуде.

Қолда бар техникалық мүмкіндіктердің негізінде бейнеконференц байланысты пайдалану арқылы облыстық және оған теңестірілген соттар төрағаларының қатысуымен кеңейтілген жалпы отырыстарды өткізу іске асырылуда[7].

Осылайша, бүгінгі күні электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізіп, сот ісін жүргізуде қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдерді пайдалана отырып, ақпараттық технологиялар арқылы Қазақстан халқына ақпараттық көрсетілетін қызметтердің көп санын көрсете отырып, Республика сот жүйесінің тиімділігін, қолжетімділігі мен транспаренттілігін одан әрі арттыру үшін қажетті жағдайлар жасалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде сөйлеген сөзі 20.11.2013
2. К.Мами С первых дней независимости судебная ветвь власти – предмет пристального внимания Главы Государства// Каз.правда № 118, 18 июня 2014 г.
3. Мами К.А. Краткий обзор основных этапов развития судебной системы Республики Казахстан.// Журнал «Судья» № 11, 2014.
4. Кыдырбаева А.К. «Предложения по модернизации судейского образования». Круглый стол «Международные стандарты и опыт отбора кандидатов в судьи». г.Астана, 23 мая 2014 г.
5. Михайловская И.Б. Суды и судьи: независимость и управляемость. Монография. М: Проспект, 2010.– С. 96.
6. Жалмуханбетов К. Настоящий суд - независимый суд. // Казахстанская правда. 2011, 22 сентября.
7. Ахпанов А.Н. Конституционные основы независимости в Республике Казахстан // Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасы Конституциясы – қалыптасқан мемлекеттің басты заңы» атты Халықаралық ғыл.-тәжіриб. конф. жинағы. 2015.Том 1. – 491б.

ЖЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК АЛЫП ҚОЮДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бейсенов Мұхтар Серікұлы

non-progredi-est-regredi@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қалтаева А.Т.

Жерді алып қою — жер учаскелерін меншік иесінен немесе жерді пайдаланушылардан жергілікті атқарушы органдардың сот шешімі арқылы заң жүзінде мемлекет меншігіне кері қайтаруы болып табылады. [1]

Ал Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымда қабылданған Жер кодексінде бұл ұғымға келесідей анықтама берілген: « алып қою - мемлекеттік органдардың жеке меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жер учаскесіне меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда тоқтатуға бағытталған іс-әрекеті».

Енді бұл ұғымның тарихына тоқталып өтсек, Қазақстанда жерді мемлекеттік мұқтаж үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару институты Кеңестік Одақ кезеңінде халық шаруашылығы